ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ АКИМА
ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

Келісемін.

Қ.Жолдықараевқа
Заңға сәйкес қарап, тиісті жұмыстарды
жүргізу үшін.
Нәтижесі бойынша баяндалсын.

С.Расулға
Бақылау үшін.

С.Қалқаманов

"____" _____20___ж.
№_____

Облыс әкімінің орынбасары С.А.Қалқамановқа

«Тұран» кәсіби футбол клубы»
МКҚК-ның 2022 жылғы 22 маусымдағы
№389 Қызметтік жазбасы негізінде

Қызметтік жазба

Түркістан облысында салауатты өмір салтын дамыту мен халықты тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту мақсатында елімізде жастар арасындағы футболды насихаттау үшін, Түркістан облысының намысын болашақта Қазақстан Республикасы чемпионатында, халықаралық футбол додаларында қорғайтын жас футболшыларды дайындап жетілдіру мемлекеттік саясаттың басым бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта, халықаралық аренада жастар арасындағы футбол кеңінен таралуда. Жастар арасындағы футболды дамыту ФИФА мен УЕФА желісі бойынша халықаралық аренада да, сондай-ақ қоғамда да Қазақстанның өзіндік имиджін қалыптастыруда оң рөл атқарады. Елімізде жастар арасындағы футболды насихаттау мақсатында, облысымыздың атынан Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Тұран» кәсіби футбол клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының *(Бұдан әрі - «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК)* жанынан Тұран Футбол Академиясы құрылған.

Тұран Футбол Академиясының жұмысын қалыпты жүргізу үшін ең алдымен футбол академиясына жетекшілік ететін кемінде 23 жаттықтырушы болуы керек. Оның ішінде: УЕФА стандарттарына сәйкес, «А» дипломы бар 2 жаттықтырушы, «В» дипломы бар 5 жаттықтырушы, «С» дипломы бар 16 жаттықтырушымен қамтылуы қажет.

Футбол академиясының құрылымында 9 жастан бастап 18 жас аралығында құрамында кемінде 144 жасөспірімдер мен балалардан жинақталған 15 кішігірім топтан (минимальные количество групп) кем болмауы тиіс.

Қазіргі таңда, «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК Тұран Футбол Академиясына Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен турнирлеріне қатысуға, спорттық тауарлар мен спорттық инвентарларды сатып алуға және футбол академияның қызметкерлерінің жалақы қорларына қаржылық қажеттілік туындауда.

2021 жылғы 15 ақпадағы №21-5/ санды Қазақстан Республикасының Ведомствалық комиссия отырысының 2 тармағы, Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру бойынша жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарының 74-тармақшасын орындау туралы хаттамасында көрсетілген кәсіби ойын спорт клубтарын ұстауға мемлекеттік бюджет және квазимемлекеттік сектордан бөлінетін қаржы қаражытының лимиті **1,2 млрд теңге болып бекітілген**.

2021 жылғы «Жаңа аудит» ЖШС қорытыныдысы бойынша Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК-да 01.01.2022 жылға **387 040,0 мың теңге** сомасында кредиторлық берешек қалыптасқан, **оның ішінде:**

1) айлық жалақысы 318 298,6 мың теңге;
2) жеке табы салығы 23 588,9 мың теңге;
3) зейнетақы қоры 14 300,1 мың теңге;
4) медициналық сақтандыру жарнасы 1 224,7 мың теңге;
5) медициналық сақтандыру аударымы 1 230,7 мың теңге;
6) әлеуметтік салық 22 057,6 мың теңге;
7) әлеуметтік аударым 1 768,2 мың теңге;
8) КАЗСУШАР (суға) 4 571,1 мың теңге;

Аталған берешек 2022 жылға (мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт соммасы 1 167 106,0 мың теңге) қарастырылған қаражат есебінен төленді.

Яғни, «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК-ны 2022 жылғы **779 960,0 мың теңге** негізгі қызметін **8 393,0 мың теңге** қосымша жалақы **жалпы 788 353,0 мың теңге** қаражатпен бастады.

Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №13/122-VII шешімінің негізінде Түркістан облысын дене шынықтыру және спорт басқармасының 2021 жылғы 12 желтоқсандағы «Штаттық бірліктерді беру туралы» №363-н/қ бұйрығына сәйкес басқармаға бағынысты «Арыс қалалық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-сіне 13 746,0 мың теңге, «Арыс қалалық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-сіне 5 868,0 мың теңге және «Арыс қалалық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-сіне 13 280,0 мың теңге Түркістан облыстық мәслихаты отырысында қарап, **жалпы 32 894,0 мың теңге** соммадағы қаражат «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК-нан жоғарыда аталған мемлекеттік мекемелерге берілген.

Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының 2022 жылғы 03 мамырдағы «Мүлікті және штаттық бірліктерді беру туралы» №67-н/қ бұйрығының негізінде басқармаға бағынысты «Арыс қалалық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-сіне 19 987,0 мың теңге, «Жетісай аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-сіне 1 973,0 мың теңге және «Сайрам аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-сіне 819,0 мың теңге **жалпы 22 779,0 мың теңге** соммадағы қаражатты «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК-нан жоғарыда аталған мемлекеттік мекемелерге берілуі жоспарлануда.

Мәлімет үшін: Облыстық әкімдігіне «Тұран» Футбол Академиясының» бапкерлері атынан **4 айлық жалақыны** беруге көмек сұраған өтініштер келіп түсуде. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінен **Сіздің** атыңызға жазылған Футбол Академия бапкерлерінің **наразылық шеру** ұйымдастыру мүмкіндігі туралы хатта келіп түскен.

Жоғарыдағылардың негізінде, «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК қызметінің тиісті нәтижелерге қол жеткізуі үшін, Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының 003-049-169 бағдарламасымен көзделген спорттық іс-шараларды күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізуге бөлінген қаражат есебінен іс-шаралар жоспарын қысқартып, 003-049-159 бағдарламасына ауыстырып, «Тұран» кәсіби футбол клубы» МКҚК-на **434 320,0 мың теңге** көлеміндегі қаражаттын ауыстыруға рұқсат беруді ұсынамыз.

Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы **Қ.Жолдықараев**